

Мамытбек Қалдыбай. АҚСАҚАЛ.

Белгілі жазушы Мамытбек Қалдыбайдың бұл жаңа романында адамдарымыздың ақсақал болып қалыптасу жолдарында қандай күрес мектебінен өтуге тиіс, оның басқаларға қарағанда болмыс-бітімі, өмір, білім тәжірибесі неге ерекше болуы керек деген көптеген мәселелер кейіпкерлер тағдыры арқылы жұртқа ой салар өреде тұлғалана бейнеленген. Оны шығарманы оқыған әр оқырман терең сезініп, өзінше ғибрат алары анық.

Роман тілі шұрайлы, оқиғасы қызық, әсерлі, тағылымдық-тәрбиелік мәні терең...




Исаұлы Мұхитдин. Tulga болам десеңіз

Бұл кітап философия ғылымдарының докторы, тәлімгер Мұхитдин Исаұлының бірнеше жылдық еңбегінің жемісі. Кітапта «тұлға» бейнесі толық, әрі жан-жақты ашылып жазылған. Автор Абайдың «кемел адам» идеясы мен батыс ғалымдарының тұлға төңірегіндегі зерттеулерін саралай келіп, ұлттық танымдағы тұлғалыққа жетудің негізгі қағидаларын ұсынады. Кітаптың әуелгі бөлімдерінде адамның өзіне деген сенімі мен сол сенімді қалыптастырудағы ақылдың рөлі жайлы айтылып,

одан кейінгі бөлімдерде шешен сөйлеу, ел алдында өзін ұстай білу, халықпен етене араласу және өмірлік жар таңдау, шаңырақ құрған шақта тап болатын кедергілерді шешу жолдары секілді маңызды мәселелер қамтылған.

Кітап өзін-өзі қалыптастырғысы келетін жалпы оқырманға арналады.



Қуаныш Шонбай. Бізге айтылмаған құпия.

«Бізге айтылмаған құпия» кітабы табысты кәсіпкер, бестселлер автор және ұстаз Қуаныш Шонбаймен жазылды. Автор үздіксіз даму мен табысты болудың құпияларын ашу жолында өз тәжірибесімен, түйген сабақтарымен және өзіне тән ойлау стилімен бөліседі.

Қоғамда қалыптасқан таптаурындарды бұзу, айналадағы құбылыстарды қабылдауды өзгерту және парадигманы қайта құру мақстаныда жазылған бұл кітап автордың кәсіпкерлік және ұстаздық кейстерімен көмкерілген. Әр идея ғылыми тәжірибенің негізінде, діни

ілімнің аясында және жеке опытың нәтижесінде жазылған. Тұлғалық даму жолындағы біз білмейтін, ойламайтын кедергілер мен ой шектеулеріне түспеу үшін қажет қолданбалы кеңестер мен техникалар ұсынылған.

Кітап өмірлік мысалдарымен оқырманды қорықпауға, тоқтамауға, өзіне сенуге және ең бастысы амал етуге шақырады. Автор арқайсымыздың ішкі күшіміздің толық ашылуы үшін қолайлы жағдай жасау идеясы ұсынып қана қоймай, осы кітап шеңберімен шектелмейтін құпия қосымшаларын да тегін сыйлайды.



Бейбіт Сарыбай. Мен Романтик емеспін.

Белгілі жазушы Бейбіт Сарыбайдың бұл кітабына әлеуметтік желідегі жазбалары еніп отыр. Бүгінгі заман мен қоғамның, сол заман мен қоғамдағы қалыптастырып отырған адамның келбеті боямасыз көрініс тапқан.

Кітап – ізгі ниетті оқырманға арналған.



**Дэниел Сигел, Тина Пейн
Брайсон.
Ақылды бала.**

«Ақылды бала» кітабында бала миы қалай жұмыс істейтін және даму барысында қандай кезеңдерден өтетін туралы айтылады. Авторлар – медицина ғылымдарының докторы, көптеген марапаттарға ие болған педагог әрі балалар психологы Дэниел Дж. Сигел мен балалар мен жасөспірімдердің тәжірибелі психотерапевт Тина Пейн Брайсон баланың тентектігі мен еркелігінің астарында не жататынын ашып түсінікті тілмен баяндайды. Оны түсініп оқыған адам бала тәрбиесінің қыр-сырын толығымен білетін

болады.



Ақберен Елгезек. Болмаған балалық шақ.

Қолымыздағы басылым – ақын Ақберен Елгезектің проза жанрында шығып отырған тұңғыш кітабы.


«Болмаған балалық шақ» повесі – 2008 жылы жазылып көп ұзамай әлеуметтік желілер арқылы кеңінен тарап, қазақ, интернет бестселлеріне айналған бірегей шығарма.

Интернет желісінде жүргізілген сауалнама бойынша ХХІ ғасырдағы үздік 20 прозалық туынды тізіміне енген. Шығарма кітап болып басылып шықпай-ақ жекелеген мектеп бағдарламаларына еніп,

бүгінгі күнге дейін оқытылып келеді.

Көпшілік оқырманға жете таныс шығарманың бұл толықтырылған, әрі ең алғашқы басылым нұсқасы.

Кітап балаларға ғана емес, қалыптасқан оқырман қауымға да арналған.



Шәкенұлы Жәди. Боз мұнар.

Ж.Шәкенұлының бұл кітабына «Бомұнар» романы мен үш хикаяты кірген. Шығарма арқауы бүгінгі күннің тақырыбын өзек етіп, онда өмірдің нәзік болмыстары, махаббат, шекара аталатын қызыл сызықтың кесірінен тағдыры талқыға түскен жандардың аянышты халі бәр-бәрі көркемдікпен бейнеленген. Соның ішінде шеттегі қазақтың бастан кешкен ауыр күндері, атамекенге оралу барысындағы әр түрлі көңіл-күйлері мен сан қилы сынақтағы сындарлы сәттері біршама терең

суреттелген. Нарықтық экономика дәуіріне дүл келген қандастарымыздың Алматыдай ірі қаладағы бастан кешкендері арқылы жаңадан еңсе көтерген қазақ елінің басынан кешкендері арқылы жаңадан еңсе көтерген қазақ елінің басынан өткен мұнарлы күндер бейнесі де бірден көз алдыңызға келеді.

Жазушы шығармасы психикалық иірімдер мен философиялық ой түйіндері арқылы адамның жан дүниесін ғана емес өзіміз өмір сүріп отырған ортаның қыры-сырын кеңінен ашып, адамдық, адалдық, имандылық шежіресін шертеді. Тарихи мағлұматтары да мол. Қалам иесінің бейнелеу жағындағы өзгеше қолтаңбасы менмұндалап отырады.



**Базарбаева Маркиза
Базарбайқызы.
Тәтті ме ғұмыр деген?!**

М.Базарбайқызының «Тәтті ме ғұмыр» кітабы мына әлемді бүлдіршін қыздың көзімен қарап, тағдырдың ауыр жүгіне мойымай, өмірдің тәттілігін бүкіл жан-тәнімен қалай сезіне білгенін баяндайды. Қайсарлық пен төзімділікті жанына серік еткен кейіпкер көздеген мақсатына жетуге ұмтылады. Бұлардың бәрі де сәби пейіліндей мөлдір де сәтті мөлтек әңгімелер арқылы оқырманға тез жетеді. Қазақ ұлтының ежелден келе жатқан салт-дәстүрлері романда әдемі көрініс тапқан.

Рухани жаңғыру кезеңіне өткен халқымызға тағы бір олжа салған шығарма екен.

Кітап ұлтын сүйетін үлкен жүректі оқырмандарға арналған.



Алдан Смайыл. Тәңір соты.

Жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Алдан Смайылдың «Тәңір соты» кітабына кейінгі жылдары жазылған повестері мен драмалық шығармалары еніп отыр.

Қаламгер бұл еңбектерінде де өзіне тән көркем шеберлікпен адам бойындағы құбылыстардың психологиялық астарларын ашады. Заман, қоғам, адам – осы үш күдіреттің өзара байланысты, бір-біріне ықпалы түрлі оқиғалар мен әрекеттер арқылы зерттеледі.

«Қылкөпір күндер»,
«Әулиелер», «Жауқазын

ғұмыр», «Жұлдызды түн» повестерінен тылсым табиғат пен адамның арасындағы үйлесімділіктің бұзылуы қаншалықты қатерлі екенін аңғарасың. Бұған «Ұялы қасқыр. Айдала», «Тырнауыштың тісіндегі тажал», «Киік баққан қасқыр» бөлімдері дәлел. Ал «Истребительмен қашқан Олжатай» повесінде өлім мен өмір беттескен, ажал аранын ашқан кешегі алапат соғыстың адам төзбес хикаяттары әсерлі баяндалған.

«Тәңір соты» драмалық поэмасында халық, тұлға, ерлік пен сатқындық тайталасады. Сақ, ғұн ғасырларының ащы шындығы арқылы бүгінгі ақиқат ашылады.

Жазушының тілі бай. Көркем шығармалары әсерлі оқылады, адам жайлы, өмір жайлы, бәрімізді қоршаған тылсым әлем жайлы терең айға шомдырады.



**Сүлейменов Данияр.
Ең бақытты әйел.**

Кітап әлемдегі нәзік те ең сұлу жаратылыс – әйел адамның бақытына арналады. Кітапта автор аят-хадистер мен әр дәуірдегі ғалымдардың еңбектерін негізге ала отырып, әйел кісіге өз өмірі мен еңбектерін негізге ала отырып, әйел кісіге өз өмірі мен отбасылық өмірін бақытты етудің жолдарын ұсынады. Әйел бақыты, салиқалы әйелдің саналы ғұмыры – толыққанды қоғамның кепілі екенін кеңінен талқылап өтеді. Әйел мен өзара түсініспеушіліктің алдын алу жолдарын жан-жақты қарастырады. Отбасын бақытты етудің қыр-сырын баяндайды,

әйгілі тұлғалардың өмірінен өнегелер келтіреді. Әйел кісіге фәни өмірдің ғана емес, ақиреттің де бақытына жету жолдарын ұсынады.

Кітап барша оқырман қауымға арналған!



Кемел Мырзагелді. Кемел.


Бұл кітапта Мырзагелді Кемелдің түрлі кезеңдерде жария көрген кітаптарындағы адамгершілік, парасат, ізгілік мәселелеріне қатысты дәйексөздер, ойлар мен пікірлер, мысалдар мен аңыздар берілген.

Кітап Адам, Таным, Талап, Өнеге атты бөлімдерге бөлінген.



Мекебаев А. Тайник в степи.

В романе «Тайник в степи» описываются трагические события, происходящие в далекие тридцатые годы в казахской степи, когда казахский народ оказался в тисках голодомора, явившегося следствием тоталитарной политики Сталина. Благодаря умению писателя воссоздать подлинную картину происходящего, пропустив его через свое сердце, мы можем наглядно предстать себе это нелегкое время, нашедшее отражение в романе.



Муканов Серик. Вкус курта.

В настоящий сборник североказахстанского журналиста Серика Муканова вошли невыдуманные истории, рассказы, эссе и очерки разных лет. Многие из них опубликованы в областных и республиканских печатных изданиях.



Святослав Бирюлин. Стратегия жизни.

«Если вы ощущаете постоянную тревогу и неуверенность, если вам кажется, что день заполнен бесполезной суетой, если чувствуете, что принадлежите не себе, а своей работе или семье, то вам не хватает продуманной жизненной стратегии», - убежден автор этой книги, эксперт по стратегическому мышлению Святослав Бирюлин.

Чтобы взять управление жизнью в свои руки, реализовать задуманное, ощущать драйв и глубокую

удовлетворенность от происходящего, необходимо написать собственный жизненный сценарий. Личная стратегия – это прочная нить, на которую нанизываются жемчужины наших ежедневных усилий.

Эта книга поможет:

- разобраться в собственных желаниях мечтах;
- поставить цели, от которых запоеет души, достигать их день за днем;
- ежедневно расставлять приоритеты с учетом нашей миссии;
- создать свой уникальный жизненный сценарий и жить в соответствии с ним – осмысленной, управляемой и счастливой жизнью.